



Құрметті студент!

2017 жылы «Гуманитарлық ғылымдар - 2» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларының пәндер реті
5B021100	«Теология»	1. Діндер тарихы 2. Діни философия 3. Діни құқық негіздері 4. Теологиялық ілімдер негізі

1. Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:
 1. Діндер тарихы
 2. Діни философия
 3. Діни құқық негіздері
 4. Теологиялық ілімдер негізі
2. Тестілеу уақыты – 180 минут.
Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.
3. Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.
4. Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.
5. Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.
6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;
- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға
қатаң тиым салынады!

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

Діндер тарихы

1. Көне Гректің олимпиялық пантеонындағы негізгі құдайлар қатарына кіреді:
 - A) Зевс
 - B) Мардук
 - C) Гор
 - D) Амон-Ра
 - E) Яхве

2. Ежелгі үнді сеніміндегі қорғаушы құдай:
 - A) Афродита
 - B) Тәңір
 - C) Брахман
 - D) Зевс
 - E) Шива

3. Каста түрлері:
 - A) Трипитака
 - B) Кшатрий
 - C) Вишну
 - D) Кришна
 - E) Варий
 - F) Липиталар

4. Иудаизмдегі діни мереке:
 - A) шавуот
 - B) құрбан айт
 - C) пасха
 - D) қасиетті үштік құдай мерекесі
 - E) рождество

5. Будизм ақиқаты:
 - A) өз-өзін тәрбиелеу
 - B) азап нәпсіден туады
 - C) мінез-құлықты түзету
 - D) өмір—азап
 - E) ниет, ақыл, ойды түзету
 - F) жүректің оянуы

6. Қазақ халқының ертедегі наным-сенімдерін зерттеген ғалымдар:
- A) Г.Морган
 - B) З.Фрейд
 - C) М.Орынбеков
 - D) С. Акатай
 - E) А.Ф.Лосев
 - F) Э.Б.Тайлор
 - G) К.Юнг
7. Қазақ халқының дүниетанымындағы анимизмнің ертедегі белгілері:
- A) Киелі ағаштардан жәрдем сұрау
 - B) Үлкенді сыйлау
 - C) Әруақтардан көмек сұрау
 - D) Өзен, көлдерді құтты деп санау
 - E) Құран оқу
 - F) Бата беру
 - G) Дем салу
8. Қазақстандағы жаңа христиандық ағым:
- A) Иегова куәгерлері
 - B) Ахмадия
 - C) Аум Сенрике
 - D) Саентология
 - E) Православие
 - F) Католицизм
9. Буддизмдегі сегіз тармақты жол:
- A) Дұрыс көзқарас
 - B) Дұрыс іс-әрекетке мәжбүрлеу
 - C) Дұрыс әрекеттер
 - D) Дұрыс ойларға адамдарды ынталандыру
 - E) Дұрыс адамдармен қарым қатынаста болу
 - F) Дұрыс тамақты жеу
 - G) Дұрыс ой
10. Гаутаманың жақсы өмірден бас тартуының себебі:
- A) зәулім сарайда керемет өмір сүру бар екендігі
 - B) өмірмен қатар, өлім де бар екендігі
 - C) жақсылықтың артында, жамандықтың да бар екендігі
 - D) саулықпен қатар, ауру да бар екендігі
 - E) жастық өмірмен қатар, кәрілікте бар екендігі
 - F) дұрыс өмір сүру , жақсы адам болу

11. Протестанттық жоққа шығарады:

- A) Псалма оқуды
- B) Иконаларға табынуды
- C) Уағыз жасауды
- D) Библияны оқуды
- E) Қасиеттілерді және оларға арналған мерекелерді
- F) Шоқынуды
- G) Миссионерлікті

12. Протестантизмнің негізгі құлшылығы:

- A) Қайырымдылықпен айналысу
- B) Библия оқу
- C) Құдайға құлшылық
- D) Уағыз айту
- E) Ескі өсиет оқу

13. Христиан дінінің пайда болуы:

- A) Помпей шапқыншылығынан соң
- B) Түрік қағанатында
- C) Константинопольде
- D) Палестинада
- E) Алғашқы қауымда
- F) Газада II ғасырда
- G) Ватиканда

14. Мазғабтардың негізін қалаушы дұрыс жазылған нұсқалары:

- A) Имам Ахмад ибн Әнәс
- B) Имам Малик ибн Әнәс
- C) Имам Әбу Ханифа
- D) Имам Ахмад
- E) Имам Малик ибн Ханифа

15. Құранда аталған пайғамбарлар есімі:

- A) Александр Макендонский
- B) Кришна
- C) Жәбрейл
- D) Иисус Христос
- E) Шис

16. Исламдағы мумин ұғымы:

- A) Шынайы мұсылман
- B) Дінге қарсы келуші адам
- C) Күнәһар
- D) Сапардағы адам
- E) Қайыр сұраушы
- F) Ислам парызын түгел орындаушы адам
- G) Ислам шарттарына, Аллаһқа сенуші

17. Баптистерге тән сипат:

- A) Құтқарылу туралы ілім
- B) Шоқынуға адам саналы келуі керек
- C) Уильям Миллер
- D) Әскери борышты өтеуге болмайды
- E) Жетінші күнді құрметтеу
- F) Келу
- G) Қан беруге қарсы

18. Такфиршілдердің ұстанымы:

- A) Өздерінен еместерді кәпірлікпен айыптау
- B) Сүннетті теріске шығару
- C) Зайырлылықты қолдау
- D) Ағымдағы билікті мойындамау
- E) Хижра (көшу) жасау

19. Қазіргі кезде фетишизмнің сақталуы:

- A) Әмбебап мағынадағы астрологиялық жорамалдар
- B) Қорғау қасиеті бар амулеттер
- C) Объективті сипаттағы ғылыми білімдер
- D) Пергаментте жазылған жазба мәтіндер
- E) Химиялық реакциялардың экспериментальды нәтижелері
- F) Субъективті сипаттағы ғылыми білімдер

20. Діни ұйымдардың ең маңызды мақсаты:

- A) мүшелеріне нормативті түрде ықпал көрсету
- B) ағымдағы тәртіпті сынау
- C) неофиттердің бойында саяси көзқарас қалыптастыру
- D) жамағатты қалыптастыру
- E) мүшелерінде белгілі бір мақсатты қалыптастыру
- F) зайырлылықты жоққа шығару

21. Діннің пайда болуын психологиялық тұжырымдар бойынша түсіндірген ойшылдар:

- A) У.Джеймс
- B) Ф. Энгельс
- C) С.Холл
- D) Р. Декарт
- E) М. Вебер
- F) З. Фрейд
- G) Э. Дюркгейм

22. Діннің теологиялық түсіндірмесінің ерекшелігі:

- A) Абсолютті рухты мойындамау
- B) Құдыретке бас ию
- C) Бостандық, ой еркіндігі
- D) Нуминоздымен байланыс
- E) Құдаймен, абсолютпен байланыс

23. Митраизмнің ежелгі қазақ даласына кең таралуының себебі:

- A) Белсенді өмірді насихаттады
- B) Ғибадатпен шұғылдануды бұйырды
- C) Зұлымдыққа қарсы тұрмау идеясын сынады
- D) Аскетизмді қолдады
- E) Некесіздікті қолдады
- F) Енжарлыққа қарсы болды

24. Бірігу Шіркеуінің Қазақстандағы миссионерлік қызметінің басты мақсаты:

- A) Азаматтардың туыстық және тайпалық белгілері бойынша толыққанды еместігін насихаттау
- B) Сом мен Мун еңбектерін тарату
- C) Достық қарым қатынасты орнату
- D) Патриотизмді насихаттау
- E) Ұлттық құндылықтарды дәріптеу
- F) Оқшау, аскеттік өмірді насихаттау

25. Қазақстандағы Саентология шіркеуінің миссионерлік қызметінің негізгі бағыты:

- A) Аскеттік өмірді насихаттау
- B) Саентологияның құтқаруға апаратын бірден бір жол екенін насихаттау
- C) Хаббард ілімін бизнес көзіне айналдыру
- D) Психотропты дәрілерді қолдану арқылы емдеумен айналысу
- E) Дәстүрлі діндердің құндылықтарын қабылдауға шақыру
- F) Нирванаға жеткізу жолын ұсыну

**Діндер тарихы
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Діни философия

1. Діни дүниетаным дегеніміз:

- A) қоғамдық сана
- B) тылсым күшке деген сенім
- C) негізі рационалдылық болып табылатын әлемге деген көзқарас
- D) негізін сенім құрайтын әлемге деген көзқарас
- E) идеология

2. Пантеизм дегеніміз:

- A) Әлем дегеніміз Құдай деп айтатын ілім
- B) Әлем Құдайдың жаратқаны
- C) Әлемдік құбылыстардың бірігуі
- D) Құдайдың табиғатта болмаса табиғаттың құдайда «Еріп кетуі»
- E) Жаратылған мен Құдай дегеніміз бір нәрсе

3. Даосизмнің негізгі принципі:

- A) әрекет етпеу
- B) өзін-өзі тәрбиелеу
- C) нақтылық
- D) жол
- E) жаза
- F) дұға ету
- G) аскетизм
- H) ләззат

4. Буддизмнің дереккөзі:

- A) Будданың 4 ақиқаты
- B) Веда философиясы
- C) Брахманизм идеясы
- D) Көне өсиет
- E) Тхеравадалар
- F) Пұтқа табынушылық

5. Орта ғасырдағы полемика байланыстыралады:

- A) патристика және схоластикамен
- B) сенсуалистермен және рационалистермен
- C) скептиктермен және оптимистермен
- D) жалқылық және жалпылық мәселесімен
- E) универсалилер мәселесімен
- F) номиналистермен және реалистермен
- G) рационалистермен және эмпириктермен

6. Сана мен сенім гармониясы теориясын қолдаушы:

- A) Иоанн Дунс Скот
- B) М. де Вульф
- C) Тертуллиан
- D) Августин Блаженный
- E) Роджер Бэкон
- F) Фома Аквинский
- G) У.Оккам

7. Томизм негізін қалаған:

- A) Сигер Брабантский
- B) М.де Вульф
- C) Ансельм Кентерберийский
- D) Августин Блаженный
- E) Иоанн Дунс Скот

8. Протестантизмнің негізгі идеологиясы:

- A) Әр түрлі рәміздік мұраттық заттарға сену
- B) Тек қана өзінің сенімі арқылы сену
- C) Рәміздерге табыну арқылы сену
- D) Шіркеудің айтқан жүйесіне сену
- E) Библияның авторитетіне сену
- F) Құлшылық жасап жалбарыну өз мүмкіншілігіне сену
- G) Барлық сенушілер бірігіп сенуге шақыру

9. Лютер бойынша адамды құтқару барысы көрінеді:

- A) Толық «жүректің тазалығы» арқылы кемелді құдайын тану
- B) Рәміздерге сену жолына түсу арқылы
- C) Шіркеу тарапынан өткізілетін рәсімдерді жасау арқылы
- D) Құдайға құлшылық етудегі таза ниеттілік
- E) Өзінің таза ниеттілік жолындағы сенім арқылы

10. Ислам философиясының дамуының негізгі кезеңдері:

- A) Жаңа дәуір (XVII-XVIII ғ.ғ.)
- B) Кейінгі ортағасыр (XVI—XIX ғғ.)
- C) Қайта өрлеу кезеңі (XV ғ.)
- D) Өтпелі кезең
- E) Ағартушылық (XVIII ғ.)

11. Әзіреті Сұлтанның «пірлері»:

- A) Ахмет ибн Ханбал
- B) Арыстан Бап
- C) Ысқақ баба
- D) Хамадани
- E) Бахауддин Исфиджаби

12. Ибн ‘Араби еңбегі:

- A) «Даналық геммасы»
- B) «Діни ғылымдарды жандандыру»
- C) «Сенім жайлы ғылымдарды жандандыру»
- D) «Философтарды жоққа шығару»
- E) «Билеушілерге өсиет»
- F) «Суфилтік даналық»

13. Суфистік гносеологиясы бойынша «Ақиқатқа жету» жолдары:

- A) хакиқат
- B) шариат
- C) абыржу
- D) торикат
- E) логика
- F) көзді құрту

14. 1860-х жж орыс қоғамдық ойының ағымдары:

- A) дін феноменологиясы
- B) философиялық материализм
- C) халықшылдық
- D) неотомизм
- E) өмір философиясы
- F) экзистенциализм
- G) почвенниктер

15. Теогония – бұл:

- A) Құдай ұғымының этимологиясы
- B) Әлемнің пайда болуы туралы ілім
- C) Адамның құдаймен бірігуі туралы ілім
- D) Құдайлардың пайда болуы туралы ілім
- E) Пантеизм
- F) Діннің пайда болуы туралы ілім

16. Ы. Алтынсарин мектебінің негізінде жататын құбылыстар:
- A) Модернизм
 - B) Атеизм
 - C) Жадидизм
 - D) Социализм
 - E) Позитивизм
 - F) Традиционализм
 - G) Коммунизм
17. Шәкәрім ілімінің мәні:
- A) Парыз
 - B) Құдай
 - C) Сана
 - D) Намыс-ұят
 - E) Калб
 - F) Жүрек
 - G) Ұждар
18. Адам санасы мен діни тәжірибесін салыстырып талдаған ойшыл:
- A) В.Франкл
 - B) А. Камю
 - C) Э.Кларк
 - D) Э.Фромм
 - E) Ж.П. Сартр
 - F) К.Г.Юнг
 - G) Г. В. Олпорт
19. Деноминация термині білдіреді:
- A) Ұлттық діндердің негізін құрайды
 - B) Қоғамда дін рөлінің төмендеуіне бірден-бір әсер етуші фактор
 - C) Діни ұйымдардың бірі болып табылады
 - D) Алғашқы рет американдық дінтанушы Х.Р.Нибур қолданды
 - E) Шіркеудің бір түрі
 - F) Әлеуметтік феномен ретінде қарастырылады
 - G) В.И. Даль еңбектерінде алғаш рет қолданды
20. Картезианстваның негізгі бағыты болып табылады:
- A) окказионализм
 - B) реализм
 - C) дуализм
 - D) сциентизм
 - E) янсенизм

21. Триада сенімінің мәні:

- A) Монотеизм
- B) Брахманға сенім
- C) Заратуштраға сенім
- D) Құдай Әке
- E) Құдай бала
- F) Кришна құдайына сенім
- G) Қасиетті рух
- H) Политеизм

22. Агни Йоганың жақтаушылары Тірі Этика мәтіндерін деп санайды:

- A) Құдай қуатымен толтырылған
- B) Сананы тазартады
- C) Адамның биопсихикалық өрісін тазартады
- D) Сананы үлкейтеді
- E) Тылсым, мистикалық қуатпен толтырылған
- F) Протореалистикалық

23. Діни философияға үлкен әсерін тигізген, ерте заманнан келе жатқан ірі ағым:

- A) Аристотель енгізген "бірінші философия"
- B) Гносеология
- C) Гностицизм
- D) Онтология
- E) Стоицизм
- F) Апокалиптика
- G) Метафизика
- H) Схоластика

24. Зайырлы мемлекет:

- A) Екі дінді ресми дін деп мойындаған мемлекет
- B) Тек бір дінді ресми түрде қабылдаған мемлекет
- C) Мемлекеттік идеологияға ықпал етеді
- D) Діни мекемелердің мемлекеттен бөлектігін білдіреді
- E) Діни мекемелер мемлекет басқаруында
- F) Діни саяси партия құру мүмкіндігі бар мемлекет

25. Психоанализ өкілдері:

- A) Б.Спиноза
- B) К.Маркс
- C) Э.Фромм
- D) А.Камю
- E) Зиммель
- F) М.Вебер

**Діни философия
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Діни құқық негіздері

1. Усул әл-Фикх:

- A) Ислам діни құқық негіздері ілімі
- B) Тек ғұрыпқа сүйеніп құқықтық шешім шығаратын ілім
- C) Ахлақ ілімі
- D) Діни құқықтық әдістеме ілімі
- E) Құқықтық қағидалар ілімі

2. Ислам құқығының тарихи даму кезеңдері:

- A) Қазіргі заман дәуірі
- B) Алғашқы мұсылмандар дәуірі
- C) Халифат кезеңі
- D) Қайта өрлеу дәуірі
- E) Орта ғасыр кезеңі
- F) Дағдарыс дәуірі
- G) Пайғамбар дәуірі
- H) Мужтахид имамдар кезеңі

3. Ислам құқығы қалыптасуының тарихи кезеңдері:

- A) Қазіргі кезеңі
- B) Жаңа заман дәуірі
- C) Қазіргі заман дәуірі
- D) Сахабалар дәуірі
- E) Орта ғасыр кезеңі
- F) Мужтахид имамдар дәуірі
- G) Пайғамбар дәуірі
- H) Түркілер дәуірі

4. Алла тарапынан мұсылмандар үшін берілген құқықтық қағидалар:

- A) Ислам заңдары
- B) Мубах
- C) Шариғат
- D) Адат
- E) Шариғи қағидалар

5. Ислам шариғатында парыз амалына жататындар:

- A) Құрбан шалу
- B) Намаз оқу
- C) Сүннет амалдар
- D) Үтір намазы
- E) Айт намазын оқу

6. Исламда құқықтық мәселелерде жауап беретін адам:

- A) Адиб
- B) Мутакаллим
- C) Муаррих
- D) Қади
- E) Муфти
- F) Факих

7. Мұсылмандардың қазіргі сунни құқықтық мазхабтары:

- A) Зайди
- B) Ханбали
- C) Малики
- D) Харижи
- E) Салафи
- F) Шиа
- G) Уахаби

8. Ислам құқығының атаулары:

- A) Калам
- B) Фыкх
- C) Мазхаб
- D) Тассауф
- E) Шариғат
- F) Усул фыкх

9. Діни құқық ерекшеліктері:

- A) Қоғам пайдасын көздеуі
- B) Ғылым іздену
- C) Адамның діни сенімін қорғау
- D) Ұлы идеялар үшін құрбандыққа бару
- E) Діни құлшылық орындалуын қадағалау

10. Ханафи құқықтық мазхабында пайғамбар шапағаты мәселесі:

- A) Пайғамбарлардың шапағаты болмайды
- B) Әулиелер пайғамбарлық дәрежесіне көтеріле алады
- C) Пайғамбарлардың шапағаты хақ
- D) Пайғамбарымыздың шапағаты үлкен күнә жасағандарға берілмейді
- E) Пайғамбарымыздың шапағаты үлкен күнә жасағандарға болады
- F) Пайғамбарлар мұғжизалары мен әулиелердің кереметі тең

11. Әбу Ханифа мазхабының 11-13 ғ.ғ. имамдары, олардың еңбектері:
- A) Әл-Марғинани «Әл-Хидая»
 - B) Әбул Хусайн Мұхаммед ибн Әли әл-Басридің «Китабул мутанади»
 - C) Фахруддин әр-Рази «Әл-Махсул»
 - D) Ибн Рушд әл-Хафид «Бидаятул –мужтаһид уа наһаятул -муктасид»
 - E) Сиржуддин әл-Урмауи «Ат-Тахсил»
 - F) Әс-Сарахси «Әл-Мабсут»
12. Абу Ханифаның құқықтық-ақидалық көзқарасын дамытты:
- A) Имам Ахмед Ханбал тарапынан
 - B) Имам Ибн Таймиа арқылы
 - C) Ахмед Иасауи дамытты
 - D) Имам Ашари жетілдірді
 - E) Имам Ғазали дамытты
 - F) Ибн Хазм еңбектері арқылы
13. Имам Ағзам Абу Ханифа мазхабында күнә жасаған адамның мәселесі:
- A) Үлкен-кіші күнә жасап, тәубе етпестен иманмен өлген адамның жағдайы Алланың қалауына байланысты
 - B) Үлкен күнә істеген адам діннен шығады, кәпір болады
 - C) Күнәһар мұсылманға кәпір деп айтуға болады
 - D) Үлкен күнә істеген адам діннен шықпайды, күнахар болады
 - E) Алла адамның жасаған күнәларын кешірмейді
14. Имам Ағзам мазхабы құқықтық жүйесі бойынша адамның өмір тіршілігінде:
- A) Халал жолмен дүние табуы халал
 - B) Дүние табуы харам
 - C) Жихад үшін хараммен дүние табуы халал
 - D) Амал етпеген мұсылманның дүниесін алу мұсылманға халал
 - E) Алла үшін харам жолмен дүние табуы халал
 - F) Ниетін дұрыстап харам жолмен дүние табуы халал
15. Ханафиликтің ислам әлемінде ең талдалған құқықтық мазхаб болуының себебі:
- A) Адамдар арасындағы өзара түсіністікке мән беруі
 - B) Настарды айрықша қолдануы
 - C) Жеке тұлға құқығы мен бостандығын қорғауы
 - D) Сахих хадистерге сүйеніп үкім беруі
 - E) Құран мен хадисте кездеспеген мәселеде нақылдың өзіне сүйенуі

16. Адамның ханафи құқықтық жүйесі бойынша өмірінде:
- A) Харам жолмен дүние табуы харам
 - B) Құдай үшін харам жолмен дүние табуы халал
 - C) Жихад мақсатында хараммен дүние табуы халал
 - D) Мұсылманның дүниесін алу мұсылманға халал
 - E) Дүние табуы харам
 - F) Еңбек етіп мал табуы халал
 - G) Халал жолмен дүние табуы халал
 - H) Харам жолмен дүние табуы ниеті дұрыс болса халал
17. Риуаят жолдарына қарай хадистердің бөлінуі:
- A) Машхур
 - B) Сахих
 - C) Мутаватир
 - D) Хасан
 - E) Муфсид
 - F) Мужеммел
 - G) Зайф
18. Исламдағы сүнниттік фыкхи мазхабтар:
- A) Матуриди мазхабы
 - B) Малики мазхабы
 - C) Мутазила мазхабы
 - D) Ханафи мазхабы
 - E) Ханбали мазхабы
19. Риуаят түріне қарай сүннеттің бөлінуі:
- A) Мүәккәд сүннет
 - B) Ахад сүннет
 - C) Мутәуатыр сүннет
 - D) Зайыф сүннет
 - E) Сахих сүннет
 - F) Ғайри мүәккәд Сүннет
20. Құқықтық жүйе ретінде танылудың міндетті шарттары:
- A) Құқық қайнарларының табиғаты, оларды талқылаудың тәсілдері
 - B) Құқықтың шығу тегі және эволюциясы
 - C) Ұлттың өзіндік мәдениеті
 - D) Діни сенімнің қоғамның барлық саласында орын алуы
 - E) Руханият құндылықтар қоғамда басты орында
 - F) Құқықтық қайнар құдайдан
 - G) Қоғамның құқықтық санасы

21. Әбу Ханифа құқықтық мектебіне сәйкес:

- A) Пайғамбарлардың көрсеткен мұғжизалары ақиқат
- B) Пайғамбардың шапағаты ақиқат
- C) Әулиелердің кереметі ақиқат емес
- D) Алланың зати сипаттары шартты
- E) Қабірлерге зиярат жасау – ширк
- F) Алланың уажь сипаттарына тауил жасалмау керек
- G) Үлкен күнә жасаған мұсылман діннен шықпайды

22. Шариғатта қылмыстық жаза түрлері:

- A) Диия
- B) Макрух
- C) Каффарат
- D) Хадд
- E) Хидает
- F) Харам
- G) Тазир

23. Ислам құқығында истисхаб:

- A) Ислам неке құқығының негіздері
- B) Ислам отбасы құқығының негіздері
- C) Исламда иманды негіздеу
- D) Ислам сауда құқығының негізі
- E) Ислам қылмыстық құқығының негізі
- F) Ислам қылмыстық-процессуалдық құқығының негізі

24. Құқықтық дереккөз ретінде ғұрыптың негізгі қағидалары:

- A) Аят пен хадиске қайшы келмеген ғұрыптар дәлел ретінде қабылданады
- B) Ғұрыптар шариғатқа қайшы келсе де өзгерістер енгізу арқылы қабылданады
- C) Ғұрып Сүннетке қайшы келсе де дәлел ретінде қабылданады
- D) Ғұрыптар Құранға қайшы келсе де дәлел ретінде қабылданады
- E) Кеңінен таралған ғұрыптар шариғи үкімге дәлел ретінде қабылданады

25. Исламда өте шектен шыққан, қаталдығымен танымал, шарифатқа қайшы үкімдер берген харижи ағымының пайда болуының себептері:

- A) Діни білімнің саяздығы
- B) Хз. Әлидің өлтірілуі
- C) Кербала оқиғасы
- D) Ежелгі бәдауилік түсініктері мен танымдары
- E) Таууабин қозғалысы
- F) Хз. Османның өлімі
- G) Жамал шайқасы

**Діни құқық негіздері
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Теологиялық ілімдер негізі

1. Қаламды дүниеге алып келген үлкен оқиғалар:

- A) Алғашқы алауыздықтар
- B) Кәләмдық кітаптардың жазылуы
- C) Халифалық мәселесі
- D) Пайғамбардың дүниеге келуі
- E) Қыртас оқиғасы

2. Қалам ілімінің негізгі қайнарлары:

- A) Құран
- B) Ақыл
- C) Сүннет
- D) Тарихи кітаптар
- E) Қияс
- F) Мәдина халқының дәстүрі

3. Қалам ілімінің атауына жатпайды:

- A) Ақайд
- B) Назар және Истидлал ілімі
- C) Әл-Фикһу-л-Акбар
- D) Таухид және сипаттар ілімі
- E) Фықһ

4. Нубууатқа қатысты емес тақырыптар:

- A) Пайғамбарлық дәлелдер
- B) Исмаат сипаты
- C) Алланың бар екендігі
- D) Уахи
- E) Қыдам
- F) Фатанат
- G) Пайғамбарлар

5. Алланың салби сипаттарына жатады:

- A) Илм
- B) Қадим
- C) Бақи
- D) Уахданият
- E) Басар
- F) Құдрат
- G) Сами

6. Алланың Салби сипаттарына жатпайды:

- A) Илм
- B) Бақи
- C) Қадим
- D) Қиям би-Нафсиһи
- E) Құдрат

7. Алла Тағаланың фиили сипаттарына жатпайды:

- A) Бет, жүз
- B) Пайғамбар жіберу, кітап түсіру
- C) Таним (нығмет беру) және тазиб (азаптау)
- D) Хидаятқа (ақиқат жолға) және адасушылыққа (далалат) жөн сілтеу
- E) Баас және Хашр
- F) Тахлиқ (жарату)

8. «Әһли сунна уа-л-жамаа» ағымы:

- A) Шиә
- B) Ашария
- C) Исмаилия
- D) Матуридия
- E) Салафия

9. Құдайлық хабари сипаттар:

- A) Хидаятқа (ақиқат жолға) және адасушылыққа (далалат) жөн сілтеу
- B) Таним (нығмет беру) және тазиб (азаптау)
- C) Такуин (жарату)
- D) Калам (сөйлеу)
- E) Айн (көз)
- F) Уажь (жүз)

10. Алланың «әл-Мухалафатун лил-хауадис» сипатының анықтамасы:

- A) Алла барша жаратылысты 6 күнде жаратушы
- B) Алла мейірім иесі
- C) Алла ешбір жаратылысқа ұқсамайды
- D) Алла барлық әлемді бақылаушы
- E) Алла жақсы амалдарды ұнатушы
- F) Алланың серігі жоқ

11. Алланың бар екендігіне байланысты ислам теологтардың дәлелдері:

- A) Истихан
- B) Имкан дәлелі
- C) Ижтихад дәлелі
- D) Қияс
- E) Занни дәлел
- F) Худус дәлелі

12. Аллаға иман келтіру парыз жандар:

- A) Жындарға
- B) Мұсылмандарға
- C) Жан-жануарларға
- D) Жанды және жансыз жаратылыстарға
- E) Тек білім иелеріне
- F) Барша жаратылысқа

13. Аллаға қатысты антропоморфтық түсінік:

- A) Алланың әуелден бар екеніне сену
- B) Алланы тікелей сипаттайтын Құран аяттары
- C) Құрандағы муташабих аяттар
- D) Алланы бір деп тану
- E) Көркем есімдерге сену

14. Ахирет күніне иман ету негізінде түскен аяттар:

- A) «Біз сені бүкіл әлемге рақым етіп қана жібердік»
- B) «Раббыңның атымен оқы! Ол адам баласын ұйыған қаннан жаратқан. Оқы! Ол Раббың аса ардақты. Қаламмен жазуды үйретті. Ол адамзатқа білмеген нәрсесін үйреткен»
- C) «Бұл дүние тіршілігі бір ойын, ермек қана, күдіксіз ақырет жұрты нағыз тіршілік. Егер олар білсе!»
- D) «Шын мәнінде сен, әлбетте, ұлы мінезге иесің»
- E) «Есеп күнін шектен шығушы әрі күнаһар адамдар ғана өтірікке балап, сенуден бас тартады»

15. Құран аяттары мен хадис-шәріпке сүйеніп періштелерге жүктелген міндеттер:

- A) Адамдарға қорғансыз әрі қызмет етпеу
- B) Алла Тағаланың елшілеріне уахи ету
- C) Адам баласының жаратылысы және өліміне қатысты міндеттерге араласпау
- D) Пайғамбарларға салауат жаудырып, сәлеммен ұлықтау, осы дүниедегі күллі адамдардың жақсылығын тілеп дұға ету
- E) Алла Тағаланы бүкіл кемшіліктерден пәктеу, күндіз – түні шүкір айтып ұлықтау

16. Барлық пайғамбарларға тән ерекшеліктер:

- A) Зерек болмауы
- B) Қайсарсыз
- C) Турашылдық
- D) Эгоизм
- E) Қиянатшылдық

17. Алланың пайғамбарлармен тілдесу жолдары:

- A) Тек мешітте уахи алып отырған
- B) Пайғамбарлар тек қана түсінде уахи алып отырды
- C) Күнделікті таң намазы уақытында уахи алып отырған
- D) Өзінің алдындағы пайғамбарлардың уахиын қайталаумен шектелді
- E) Періште жіберіп өз рұқсатымен оған қалаған нәрсесін уахи ету
- F) Перде артында уахи ету
- G) Тікелей уахи ету

18. Ибадилердің көзқарасы бойынша:

- A) Құлдардың іс-әрекеттері Алланың қалауынан тыс
- B) Сенімдік мәселелерді зерделегенде адамға сөйлей алу қабілетін беруі
- C) Амал иманның бір бөлшегі
- D) Өзге діни ілімдерге калам ілімінің басты іргетас болуы
- E) Үлкен күнә жасаған мушрик
- F) Үлкен күнә мұсылманды діннен шығармайды
- G) Нақлдық, ақылдық дәлелдермен қуаттандырылған дәйектерге арқа сүйеуі

19. Суфриялардағы үлкен күнә мәселесі:

- A) Парыздарды орындамау
- B) Рухани жетілу, ар тазалығын қамтамасыз ету
- C) Ажал және ризықты тағдыр етушісі жалғыз Алла
- D) Адасушылыққа бой алдыру
- E) Жаза қолдануға келмейтін күнәһарларды кәпір деп есептеген
- F) Мүшірікке қосу мәселесінде бір тоқтамға келе алмаған
- G) Азариқалармен келісе алмайды

20. Муржия мазхабының көзқарасына сәйкес емес:

- A) Амал иманның бір бөлшегі
- B) Кімнің дұрыс екендігі Аллаға қалдырылады
- C) Кімнің мүмін екендігі Аллаға қалдырылады
- D) Үлкен күнә мұсылманды діннен шығармайды
- E) Кімнің кәпір екендігі Аллаға қалдырылады
- F) Үлкен күнә жасағанды кәпір санамайды

21. Ахиретте Алла көрінбейді деген көзқарасты жақтаушы:

- A) Матуриди
- B) Мутазила
- C) Мушаббиха
- D) Шиа
- E) Ашари
- F) Харижия

22. Мутазила мазхабы тарихына тән емес:

- A) Аббаси халифа Мамунның заманында Мутазила мазхабы күшейді және гүлденді
- B) Бувейхидтер заманында Қади Абдулжаббардың бас қазылық қызметке тағайындалуымен мутазила қайтадан жанданды
- C) Мутазила мазхабының негізі Хасан әл-Басриден бөлініп шыққан Уасыл бин Ата мен Амр бин Убайд тарапынан құрылған
- D) Қарахандықтар арқылы мутазила мазхабы Мауреннахрға таралды
- E) Тұғрыл Бейдің уәзірі Қундури саяси себептермен мутазилиттерге қолдау көрсетті
- F) Хорасан мен Хорезмде мутазила дәстүрін Әбу Мудар Махмуд бин Жарир әл-Исфাহани мен шәкірті Жаруллаһ Замахшари жалғастырды
- G) Селжұқтар уәзірі Низаму-л-Мулк Мутазиланы қолдады

23. Мутазилиттерге тән көзқарас емес:

- A) Құдайлық сипаттар Алланың заты ішінде
- B) Мутазилиттер Усулу Хамса принципін қабылдайды
- C) Құдайлық сипаттар затымен бірге де, бөлек те емес
- D) Үлкен күнә істеген адам «фасық» деп аталады
- E) Дүниеде жақсылық істегендердің марапатталуы, күнә істегендердің жазалануы міндетті
- F) Тағдыр мәселесінде касб теориясы қабылданады
- G) Адамдардың жүзеге асырған жаман әрекеттер Алла тарапынан жаратылуы жаиз емес

24. Ислам теологиясындағы менгенчерге тән емес ұстаным:

- A) Мутазилиттер хусн мен кубхтығы анық және белгілі болған әрекеттердің уахи келмесе де ақыл иелеріне уәжіп екендігін қуаттайды
- B) Әбу-л-Хузайл әл-Аллафтың пікірі бойынша қатил (өлтіруші) мақтулды (өлгенді) өлтірмегенде, мақтул міндетті түрде өлмес еді
- C) Әли сунна ғұламаларының көзқарасы бойынша Алла Тағала – тек жақсылықтың ғана жаратушысы
- D) Матуридилердің пікірі бойынша Алланың ілімі құлдың таңдауымен байланысты түрде Алланың азалдан білуі, құлдың ниетін күштемейді
- E) Ашариттер саадат пен шақауатты Алланың азали және құдайлық ілімі, сөздері деп анықтама жасап, құдайлық ілімде бақытты болады деп жазылған адамның бақытсыз, бақытсыз болады деп жазылған адамның бақытты болмайды деп есептейді
- F) Әли сунна каламшыларына қарағанда мақтул ажалымен өледі
- G) Мутазилиттердің пікірі бойынша Алла жақсылық пен жамандықты қалайды және жаратады

25. Матуридилік көзқарас:

- A) Әрекеттерінің жүзеге асуында адамның да үлесі бар
- B) Алланың такуин сипаты жоқ
- C) Алла Тағала – жақсылықтың да, жамандықтың да жаратушысы
- D) Соңғы пайғамбар Мұхаммед емес
- E) Халифалық тек Али әулетіне ғана тиесілі
- F) Әрекеттердің хусн және кубх деп сипатталуы оның затына (мәніне) байланысты емес

**Теологиялық ілімдер негізі
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**